



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

19 наурыз
сейсенбі
№23 (2033)
2024 жыл

30 Жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

■ ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНИ

БАСПАНАҒА МҰҚТАЖДЫҚ БОЛМАУЫ ТИІС

Биыл халықты баспанамен қамтамасыз ету, елді мекендерді газдандыру, жылу орталықтарын жөндеу, жол салу бойынша жұмыс қарқынды жүрмек. Мемлекет басшысының ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларын іске асыру мақсатында Үкіметте кеңес өтті. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың III отырысында елді елең еткізер жағымды жаңалықтар айтылды. Соның бірі – халықтың баспанаға мұқтаждық мәселесін шешу.



«Біз Президенттің ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларының уақытылы іске асырылуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Әрбір министрге және әкімге, ұлттық компаниялардың басшылығына жұмысты күнделікті бақылауға алуды тапсырамын. Тұрғындар нақты өзгерістерді көруі қажет. Толық қайтарыммен жұмыс істеу және жоғары нәтиже тиімділіктің көрсеткіші болмақ», – деді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

бұл бағдарлама баспанаға мұқтаж көптеген адамның үй алуына жол ашады, – деді Мемлекет басшысы.

Ел Президентінің құрылтайда айтқан ауқымды инфрақұрылымдық бастамаларын іске асыру тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет басшысы Олжас Бектенов кеңес өткізді. Үкімет кеңесінде белгілі болғанындай, азаматтардың баспаналы болуын қамтамасыз ету үшін Үкімет кезекте

тұрғандар, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санаттары үшін сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй көлемін 4 есе ұлғайтуды жоспарлап отыр. Ол үшін қосымша 272 млрд теңге қаржы бөлінбек. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Отбасы банк» 300 млрд теңге сомасына ипотекалық қарыз беретін жаңа бағдарламаны іске қосады.

3-БЕТТЕ

■ БҮГІН – ЖАҢАРУ КҮНІ



ТАЛ ЕК, ГҮЛ ЕК, ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТ!

Наурызнаманың алтыншы күні – Жаңару күні, ағаш егу дәстүрін жаңғыртуға арналған. Бұрын да көктемде әр үй ауласына тал отырғызып, жеміс ағашын егіп жататын. Бұл біздің табиғатты аялау сезімімізді оятатын, өсімдіктер дүниесіне деген құрметтің көрінісі. Жер шарында орманы аз елдер көп, біздің ел де солардың қатарында. Сондықтан жаңару күнінде еліміздің әр тұрғыны ауласына не көшесіне, тал-терек егіп жатса, ол да бір ганибет.

Дикан мәрт болса, жер жомарт дейді халқымыз. Осы орайда көшет отырғызу жөнінде қала тұрғыны, бағбан Құлашмет Амановтың пікірін білгенді жөн санадық.

– Өдетте көшетті, жеміс ағаштарын ерте көктемде, шамамен наурыздың 15-нен кейін отырғызуды бастаймыз. Өйткені осы уақытта Жер-Ана жаңарып, топырағы құнарланып, нәрлі болады. Ауа райы да мың құбылып

тұрады. Сол себепті тал егу кейде күн райына байланысты кешіктірілуі мүмкін. Көшетті аларда тамырына мән беру керек. Неғұрлым сапалы, жарамды болса, соғұрлым бой көтеруі де тез болмақ. Күз мезгілінде қазан айының 10-на дейін тал-терек отырғызылады. Күз айында өркеннің түбіндегі топырақ ашылып, аналық өсімдіктен айырылады. Егер өркен күзге дейін тамырланып үлгермесе, көктемге қалдыруға болады. Ал көктемде өркенді айыруды кешіктіруге болмайды. Көшетті отырғызғаннан кейін төбе бүршігін киіп тастайды, бұны жасамаса өсімдік бойлап өседі де тамырға күш түспейді. Отырғызу үшін биіктігі 1,2-1,5 м болатын 2-3 жылдық жас ағашты таңдаған жөн. Көшеттің жерсінуге көпжылдық өсімдікке қарағанда анағұрлым жоғары болады, – дейді бағбан.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

■ ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ...



Қадірлі оқырман! Газетімізде мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазаққа қызмет еткен тұлғалардың өмір мектебінен түйген, көрген-білген тағылымдарын, бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне көзқарасын білу мақсатында «Шынымды айтсам...» атты жаңа айдар ұсынып отырмыз. Бүгін ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Мемлекет қайраткері Мұрат Ергешбаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

Мұрат ЕРГЕШБАЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің
депутаты:

БІЗГЕ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ КЕРЕК

2-БЕТТЕ



«KILEM ART»: ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

3-БЕТТЕ

ҰЛТТЫҚ КИІМ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Биылғы наурыз мерекесі ерекше атап өтілуде. Ел бойынша наурызнама он күндігі белгіленіп, әр күнге атау берілді. Кеше, яғни 18 наурыз «Ұлттық киім күні» деп белгіленді. Бір айта кетерлігі, қоғамда ұлттық киімге деген көзқарас өзгерді. Бұрын жыл бойы сандықта жатып, бір күн ғана киіліп, қайта салынатын ұлттық киімнің қадірін енді түсінгендейміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада берген ауызашарда ұлттық киім туралы айтты. Ол халқымыздың дүниетанымына сай дәстүрлі исламды дәріптеу қажет екеніне тоқталды.

– «Ұлттық мәдениет дегеніміз бұл – мағынасы терең, көпқырлы ұғым. Халқымыздың төл мәдениеті салт-дәстүрден, әдет-ғұрыптан бастау алады. Ұлттық киімнің өзі – ұлт мәдениетінің жарқын көрінісі. Сондықтан ұл-қыздарымыз ұлттық киімді наурыз мейрамында, болмаса басқа мерекелерде жиі киіп жүрсе, керемет болар еді. Тек мерекеді емес, ұдайы киіп жүрсе де, жарасымды болатыны сөзсіз. Жалпы ұлт мәдениеті – халық өмірінің айнасы, оның болмысы. Еліміздің рухани дамуы ұлттық рухқа тікелей байланысты, – деді ол.

Жалпы Мемлекет басшысы ұлттық киіммен бірге наурыз мерекесін жаңа жылға қарағанда кең ауқымда, мазмұнды түрде өткізуді айтқан еді.

4-БЕТТЕ



– Мұрат Нәлікожаұлы, кеше ғана Атырауда Ұлттық құрылтай өтті. Әңгіменің әлқиссасын осы құрылтайдан бастасак. Құрылтай бізге не береді? Осыған дейін көтерілген мәселелер шешімін тапты ма? Қызылордада қашан өтуі мүмкін?

– Ұлттық құрылтай Ұлытаудан басталды. Ел тарихында орны бөлек аймақ. Асан қайғының тамсанып, танданып, ат сауырына бөктеріп алып кете алмай, қимаған жеруығы Ұлытау – ұлт мақтанышы. Құрылтайдың осы жерден басталуы тегін емес. Одан кейінгісі Түркістанда өтті. Түркістан – еліміздің рухани астанасы. Үшінші құрылтай Ақ Жайықтың жағасындағы айбынды мекен – Атырауда өтті. Енді кезегімен барлық облысқа ауыса береді ғой. Бізге келетін де сәт туады. Қасиетті Қорқыт атаның жамбасы тиген жер. Бүкіл түркі әлемінің мақтанышы, Сырдың символына

Кенжеханұлы деген азамат болды. Қазір ол әлемнің мықты оқулықтарын қазақ тілінде сөйлетіп жүр. Түрлі жобалар аясында ұлттық құндылық бағытында еңбек етуде. Қазір google-дың өзі қазақ тілінде. Бұрынғымен салыстырғанда бүгін әлдеқайда жақсарды. Жастардың тіл білуіне де мүмкіндік көп. Тіл білген адамның алдында шекара болмайды. Әрине, өз кезегінде ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауда үлкендеріміз – ақсақалдарымыз салмақты, саликалы ой айтатын тұғырдан таймау керек. Оларды тыңдайтын, тарихты білетін ұрпақ қалыптастыруымыз қажет. Біз осылай ұлттық бағыттағы жұмыстарды жандандыра береміз.

– Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін саралап жүресіз. Биыл қуанарлықтай өсім бар. Бұл қандай іс-шаралардың жемісі?

тан жалтарып отыр екен. Бұл – кәсіпкерлерді қолдайтын, инфрақұрылымды жақсартатын бағдарламаларымыз өз деңгейінде орындалмай отыр деген сөз. Бұл мәселені шешу үшін декларация енгізіліп жатыр. Бұрын тек мемлекеттік қызметшілер ғана тапсыратын. Енді бұл қатарға жеке кәсіпкерлер, ұлттық компания қызметкерлері, тағысын-тағылар қосылды. Ал 2025 жылдан бастап кәсіпкерлік жасақ толған әрбір қазақстандық декларация тапсырады. Декларацияның тиімділігі жөнінен бір-ақ мысал айтайын. Бұрын біреудің әпкесіне, досына, бауырына, атанасына, тағы басқаларға мүлкін жаза беретін. Кейде үлкен кәсіпорындардағы үлесін де жазатын. Ал 2025 жылдан бастап, қайналайын, мына үй қайдан пайда болды? Мынадай қымбат көлігің, мына компаниядағы үлесің қайдан пайда болды?»

Кеңестік кезеңде еңбек нарығын реттеп отыратын. Әр өңірдің табиғатына сай негізгі бағыты таңдалатын. Мысалы, Қарағанды өндіріс бағытында, солтүстік өңірлер бидай егуге қолайлы. Сыр өңірі дарияның жағасында құнарлы жерімізбен, күн сәулесінің молдығымен күріш егуге бейімделді. Міне, осы бағыттардағы жаңа экономикалық моделді құра білесек, жоспарлы түрде дамуға бет аламыз.

– Депутаттық сауалдарыңызда білім саласын жергілікті атқарушы органдарға бекітуге байланысты пікір білдіріңіз. Осы жерде кеңінен тоқталып өтсеңіз. Өйткені ауыл мектептеріндегі жағдай сырт көзге жақсы көрінгенімен, қаражат тапшылығы етектен тартып тұратын кездері жоқ емес.

– Мен сияқты әкім боп қызмет еткен бірқатар азаматтар осы мәселені жеткіздік. Көзбен көріп, қолмен ұстаған жағдай. Аудан әкімдігінің құзырында білім, орман шаруашылығы, ветеринариялық бөлім бар еді, қазір ол да жоқ. Денсаулық сақтау саласы, жұмыспен қамту орталығы облыстық басқармаларға берілді.



Алматы, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарында да осы мәселе көтерілген. Негізгі су тапшылығына байланысты барлық ғалымдар нақты пікір білдірген. Қазір министрліктегілер де үлкен тұжырымдама дайындаған. Менің байқағаным, олар тек «Қазсушар» мекемесіне қарайтын каналдарды ғана есепке алды. Ал ішкі шаруашылық каналдар не шаруашылыққа, не «Қазсушар»-ға қарамайды. Оларды қазып, қалыпқа келтіруді шаруашылықтарға беру керек. Өйткені олар сол арқылы су алып отыр. Одан бөлек, экологиялық бағыттағы суымыз да бар. Өзен-көлдер мен тоғайлар, мал жайылымдық жерлер ерте көктемде және күзде суарылып, малдың жайына жағдай жасау бағытында да көмілген каналдарды тазалау керек. Қызылорда облысының Жалағаш ауданында бұл жұмыс жүрді. Бірақ жай ғана қазып кетіп жатыр. Басқа өңірлерде бетондау жұмыстары қолға алынған. Ертеңгі күні тағы да қоға, қамыс шығады, жолдар бітеледі. Мұны мен мәселе етіп, көтеріп, ұсысынымды айттым. Ал судың қадірін білу үшін тарифті белгілі бір мөлшерден артық алғанда еселеп төлейтін үрдісті қалыптастыру керек. Сонда әркім өзіне қажет мөлшерін ғана алады. Бізге нақты іс-шара керек. Тек өзімізді ғана ойлай берсек, бір күні шаруашылықтарға қайналайындар, қоя қойындар! Күріштерің керек емес, біз сырттан алдырамыз, сол арзанға түседі» деп қалуы да мүмкін. Ол кезде шаруашылықтар жұмыссыз қала ма? Жоқ, олай болмайды. Сондықтан өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын жол керек. Күрішті қойсақ, сусыз қаламыз, мал жайылым да қалмайды.

– Аудан басқарған кезде «мен аспандағы айды әперем деп айта алмаймын, бірақ болатын істі айтамын, болмайтын іске құр уәде бере алмаймын» деп ашып айтқаныңызды бірнеше рет байқадық. Көп әріптестеріңізге ұқсамайсыз. Бұл кімнің мектебі?

– Біріншіден, өзімнің ұстанымым. Екіншіден, әкем берген тәрбие. Болатынына көзім жетпеген іске уәде бермеймін. Табиғатымнан солаймын. Әкем «бос сөйлем, айтқан сөзіне жауап бер» дейтін. Қай жерде әкім болсам да артыма жақсы іс қалдыруға тырыстым. Ел сәлем айтып жатады. «Нұқ айтады екенсің, істін адамасын» дейді. Елдің бағасынан артық не бар?

– «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» деп жатады. Сіздің әкеніңіз есімі елге белгілі. Шыныңызды айтыңызшы, әкеніңіздің сенімін ақтай алдым деп айта аласыз ба?

– Оны уақыт көрсетеді. Біреу Құнанбайға барып, «Абай сенен озды ғой» дегенде ол «Абай алдымен мен сияқты Абай деген баланы тудырып алсын» деген екен. Мәселе, өмірге келуіне ықпал еткенде емес, тәрбиелеуде. Халықтың арқасында азды-көпті елге қызмет жасауға тырыстық. Адам болған соң кем-кетіктер де болады. Бір мықты ойшыл «кемшіліктер болған соң, мен оны қайталамауға тырысып, осындай дәрежеге жеттім» деген екен. Біз де сол алған тәжірибенің арқасында өстік.

Мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекулы бізге «кабинетте отырмандар, елмен араласындар, жаяу жүріңдер» дейтін. Өмір мектебінен алған сол тәртіп әлі күнге бойымызда бар. Қай ауданды басқарсам да, жаяу жүретінім. Елдің арасында мәселені көзбен көремін, өзімнің телефоныма суретке түсіріп алып, оның шешілуін қадағалаймын. Ел ішінде кабинетке кіре алмай, кездесуге жете алмай жүрген адамдар болады. Олардың мұнын тындайсың. Қазалы ауданында көбіне атпен жүретінім. Өйткені аудан үлкен. Қарамағымдағылардың бәрине жаяу жүруді тапсырдым, талап еттім, аса шұғыл болмаса көлікті пайдаланбаймыз. Міне, халықтың алғысын да алып жүргеніміз сол елмен етене болғанымыздан шығар... Әкемдей болу қайда, ол кісі тұлға ғой, менің ойым әкемнің атына кір келтірмесем екен деген мақсат ғана... Оның айтқан ақылы мен берген бағытынан таймай, маңдай терімді төгіп, елдің ертеңі үшін еңбек етуді мақсат еттім, сол жолда келемін. Өйткені халықтан үлкен ешкім жоқ, қандай қызметке қандай бйікте болсаң да, сен – сол халықтың бірісің.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен ДӘУЛЕТ ҚЫРДАН

Мұрат ЕРГЕШБАЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

БІЗГЕ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ МОДЕЛЬ КЕРЕК

айналған. Әр өлкенің өз маңызы бар. Ел ұлы даланың тарихын білу керек. Енді бір айтарым, қазір өздеріңіз де көріп жүрісіздер, Шыңғыс хан қазақ болды деп таласып жүрміз. Президент оған да шектеу қойып жатыр. Мейлі, қазақ болсыншы, одан өзгеретін не бар? Рас, тарихты білу керек, бірақ оған өтірік қоспау керек дегенді айтты. Анығы осы, мұны академик Асқар Жұмаділдаев ағамыз да айтты. Тарихты білген дұрыс, бірақ оған өтірік қосуға жол жоқ. Алға ұмтылуымыз керек. Қазір техногендік заман. Бізге ескі дәуір елесінен шығу керек.

Құрылтай – қоғамдық кеңес тәрізді, әр саланың марғасқа мықтыларынан құралып, осы елдің мәселесін шешуге бағытталған ұлттық маңызы бар үлкен жиын. Мәселен, экономикалық бағытта елдің мойнына алып отырған жүгі жетерлік. Қазір саланы білмесе де, «тісе терекке, тимесе бұтаққа» деп сын айтатындар көп. Бірақ біздің елдің негізгі ұстанымы – халықтың қолына балық емес, қармақ беру. Жұмыспен қамтуда елдің алдында үлкен мүмкіндіктер алаңы тұр. Мемлекет басшысы лудоманияға, «вейптерге» арнайылап тоқталды. Елімізде 400 мыңға жуық азамат лудоманиямен ауырады екен. «Вейп» мәселесі Парламентте Мәжілістен өтті, енді Сенат қолдаса, қаз күшіне енетін болады. Жастар тәрбиесі де назардан тыс қалмады. Есінде ме, мектептерден еңбек сабағын алып тастаған болатын. Қазір шеге қағ алмайтын балалар пайда болды. Олар ертең қандай ер азамат болады. Осы еңбек сабағын да қайта енгізді. «Әліппемізден» де айырылып қалып ек, қайта қауыштық. Мұның барлығы – осы құрылтайдың жемісі. Біз елдің болашағын жарқын етеміз десек, ең әуелі жастарды тәрбиелеуіміз керек.

Мойындауымыз керек, 90-жылдардағы қиыншылық қалпымен, сол кездегі психология, сол кездегі түсінікпен келе жатқан да азаматтар бар. Түсінемін, қиындықтар өтті, бірақ жанару керек. Адам ізденіп, жаңа заманның көшіне ілесе білу керек. Не істеуге болады, немен айналысуға болады деген бағытта ойлану қажет. Мемлекет те, жеке тұлғалар да даму бағытында қаламдар бастауы тиіс. Мемлекет басшысы құрылтайда ұсыныстарын айтып, құрылтай мүшелерімен кеңесіп отыр. Біз қай кезде де бірлігімізді көрсетуіміз керек.

Кезінде Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметін атқарған Рауан Басы 1-бетте

– Негізі Қызылорда облысы көрсеткіштер бойынша үнемі аутсайдер болып жүретін. Өйткені мұнай бағасының құлдырауы, қорының азаюы, өнеркәсіп өндірісінің болмауы осы деңгейге алып келді. Ешкім инвестиция салғысы келмейтін. Кейінгі жылдары инвестиция тарту бағытында жұмыс қарқыны сезіледі. Құрылыс саласы 146,6 пайызға, өндіріс көлемінен 140,3 пайызға өссе, ауыл шаруашылығы саласында 102,2 пайызға өсім бар. Ал тұрғын үй құрылысынан көшбасшылардың бірі. Бұл жай сөз емес. Мұның ар жағында қаншама жұмыс тұрғанын ұмытпау керек. Облыс әкімінің еңбегі зор. Бізге тән бір қасиет бар: ол болмайды, қиындау деп шорт кесеміз, болдырудың жолын іздемейміз. Міне, осы дағдының қамытын шешіп тастап, іске нықтап кіріскеннің жемісі – көш басында тұрған көрсеткіш. Түптеп келгенде, республика бойынша қай жағынан да алға шығып, аймақтың абыройын арттырып отырған көрсеткіш көп. Инвестицияның құрылыс саласындағы өсімі 7,9 пайызға, білім саласында 56 пайызға, көлік саласында 47 пайызға өскені көңіл қуантып отыр.

Екіншіден, инвесторлардың облыс әкіміне деген сенімі. Мәселен, 30-40 миллиард теңгеге жуық қаржы жеке кәсіпкерлердің инвестициясы. Қаншама ғимараттар, әлеуметтік нысандар бой көтеріп жатыр. Ол кәсіпкерлер кеше-бүгін келген жоқ. Осы Сыр топырағында талай жылдан бері кәсіпін дамытып, еңбек етіп жүрген азаматтар. Олардың қазіргі басшылыққа, қазіргі жүйеге деген сенімі осындай жетістіктерге жетеледі. Мұнан кейін бұл – команданың жұмылған жұдырықтай жұмыс істеуінің нәтижесі. Осы жетістікке жету үшін қаншама еңбек, қанша жұмыс атқарылды, шешімдер шығарылды.

– Кәсіпкерлердің табысын жасыру мәселесін көтеріп жүрісіз. Сіздің ойыңызша, көлеңкелі экономикадан қайтсек арыламыз? Мүмкін, мемлекет әлі де тиімді тетігін таппай отырған шығар?! Сіз қалай ойлайсыз? Аймақта кәсіпкерлерге жасалып жатқан қолдау, жеңілдетілген несиелер мен инновациялық гранттар жетерлік. Мұның ар жағында ашылуынан жабылуы тез кәсіпкерлік нысандары да бар. Әлде көздеген мақсатқа жетуде тексерістер мен қадағалау жетіспей тұр ма?

– Қаржы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қазақстандық 9 мың жеке кәсіпкер 7 триллион теңге табысын жасырып, салық-

дейді ғой. Сонда қарапайым жұмыс істеп жүрген адам немесе жұмыссыз адамның атында бір ғимарат болса, оған қалай қол жеткізгенін сұрайды. Міне, осыны қолға алғанда адамдар мұндай нәрселерден аяғын тартады. «Маған мұндай мәселе керек емес» деп басын ала қашады. Нәтижесінде барлығы заңдастырылып, жүйеге келеді. Өткен жолы мобильді аударымдарға байланысты үлкен мәселе, дау шықты ғой. Түсініп алу керек, барлығы бірдей тексерілмейді, тексерілетіні – артық кеткендер. Оның өзі алдымен есептелініп, сосын барып жолға қойылады.

Негізі біздің елдің бюджеті әлеуметтік бағытқа арналған. Біз бұл салық жүйесін дұрыс пайдаланбасақ, бюджеттің бүйірін томпайта алмаймыз. Жаңа 9 мың жеке кәсіпкердің 7 триллион қаржы жасырғанын айттым ғой. Ал оның 1,5 триллионы салыққа түсу керек еді. Мұны кәсіпкерліктің дамуына кедергі деп қарауға болмайды. Бұл әлі зерттеліп жатыр. Бәрі анықталған соң ғана кәсіпкер мен салық органдарының арасында мәміле жүреді. Бұл екі жаққа да тиімді, тепе-тең болу керек.

Тағы бір мәселе – бюджет қаржысын тиімді жұмсау. Президент те осы мәселені көтерді. Ең бірінші халыққа не керек, соған басымдық берейік. Бірінші зекесте, таза, сапалы ауызсу, жарық, мүмкіндік болса, елді мекендерді толық газдандыру керек. Ең бірінші балабақша, мектеп, ауруханаға, т.б. халық көп баратын жерлерге баратын жол жақсы болу керек. Шағын ауылдарда ауамағы ат шаптырым мәдениет үйлері бар. Иә, ол өзін-өзі ақтамайды. Өзін ақтамаса да, рухани бағытта халыққа керек. Бірақ осындай нәрселерді жағдайымыз жақсарғанда да жасауға болады. Ең бірінші халықтың жайлы өмір сүруіне мән беру керек. Президент құрылтайда да осы мәселені қозғайды. Міне, осы айтқан үш нәрсе бір-бірін толықтырып, кешенді іс-шара ретінде қолға алынған дұрыс. Бізге жаңа экономикалық модель керек. Бірақ ең алдымен бізге қай бағыт тиімді, соны білгеніміз абзал. Сонда мақсат айқын болады.

Бір мысал айтайын, алдыңғы жылдары бір аудандағы мектептің шатыры ұшып кетті. Оған білім басқармасы табан астында қаражат бөліп бере алмайды. Қосымша қаражат сұрайды, конкурс жариялайды, осылай уақыт өткізіп алады. Болмаса, жылу орталығы істен шықты делік. Аудан әкімдігі мамандар шақырып, қолдау көрсетіп, тез арада қалпына келтіріп береді. Қазір білім саласында жемқорлық белен алып, бет қызартып жатыр ғой. Міне, осының барлығы орталықтандыру салдарынан. Орталықтағылар сонау шалғай ауылдағы бір мектептің ішінде болып жатқан жағдайды қалай бақылап отырады? Мысалы, ветеринариялық бағытта мал аурулары пайда болады. Оны орталықтағы мамандар қалай шешеді? Қазір аудан, ауыл әкімдерін сайлау жүріп жатыр. Сайланған әкімнің қолы қысқа болса, сайлаушыларына не деп жауап береді? Халық «мынаның қолынан ештеңе келмейді екен» дейді, ал шын мәнінде әлгіндей жағдай болып жатқанын олар төреңіне бойламаған соң, біле бермейді. Негізі, мұның барлығын жергілікті атқарушы органдарға беру керек. Өйткені салаларды әкімдіктерден алғанмен, талапты алған жоқ. Жауапты басқалар болса да, талап әкімнен талап етеді. Біз мәселені көтердік, қосымша талдап та беріп жатырмыз. Қалай шешілетінін уақыт көрсетеді?

– Су тапшылығы бүгінде күн тәртібінен түспей тұр. Әрине, суды аз қажет ететін дақылдарды егуде шаруашылықтар қам жасап, әрекет етіп жатыр. Бірақ... Аймақта жүз гектарлап жанадан жер ашып, күріш егіп жатқандарды көз көріп жүр. Бұл су тапшылығын пайдалана отырып, алпауыттардың дамып, шағын шаруашылықтарды ысырып тастап, құрлымға жіберу емес пе?!

– Әрине, бұл жерде талап қатаң болуы керек. Ауыл шаруашылығы саласының басшылары ауыспалы егістіктің көлемі мен бағытын бекітеді. Сол кезде барлығын қадағалау керек. Былтыр сәуір айынан бері 15 депутаттық сауал осы су мәселесіне байланысты жолданыпты. Түркістан,




БАСПАНАҒА МҰҚТАЖДЫҚ БОЛМАУЫ ТИІС

Жаңа бағдарламаға жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемдерін алушылар, банк салымшылары, монокалалардың, аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердің тұрғындары, оның ішінде ақша жинау бойынша міндеттемесі жоқ тұрғын үй кезегінде тұрғандар қатыса алады. Бірінші жылы жаңа бағдарлама есебінен қосымша 12 мың баспанаға мұқтаж отбасын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Жалпы биыл рекордтық 18 млн шаршы метр тұрғын үй салынады, бұл сондай-ақ жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Бұл бұрынғы жоспарланған жылдық көрсеткіштен 2,5 млн шаршы метрге артық.

Бір сөзбен айтқанда, елімізде тұрғын үй құрылысы қыза түспек. Ең бастысы, жұмыс нәтижесі де, жаңа бағдарлама да бір баспананы арман еткен халықты қуантуды мақсат еткені белгілі. Демек, биыл қоныстой көбейген жыл болмақ.

Президент тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылы-



мын жөндеу және жаңғырту мәселесі бойынша қолданыстағы 55 жылу көзін жөндеуді және кемінде 6,5 мың шақырым инженерлік желілерді жаңғыртуды тапсырды. Бұл мақсаттарға 650 млрд тенге инвестиция тартылатын болады.

Еліміздің жол желісін дамыту бойынша Президент айтқан 12 мың шақырым автомобиль жолдарын реттеу үшін Үкімет ағымдағы жұмыстардан бөлек, қосымша 2,5 мың шақырым жолды жөндеу жұмыстарын жоспарлап отыр. Бұл мақсаттарды іске асыру үшін шамамен 1 трлн тенге инвестиция бағытталатын болады.

Бұл жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық республикалық жолдардың үлесін 93%-ға дейін арттыруға, сондай-ақ қосымша 24 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Басы 1-бетте



Елді мекендерді газдандыру деңгейін арттыру мақсатында Мемлекет басшысы кемінде 1,7 мың шақырым желіні жаңғырту міндетін қойды. Бұл 300 мыңнан астам азаматқа көгілдір отынды қолжетімді етеді. Осыған байланысты Үкімет биыл жоспарланған 46 елді мекеннің орнына 87 елді мекенді газдандырмақ. Осылайша, 63 мыңнан астам адам желделдетілген шаралармен газбен қамтамасыз етілетін болады, яғни қамту іс жүзінде 2 есеге ұлғайтылды. Бұл мақсаттарға 195 млрд тенге бөлінетін болады.

Үкімет басшысы биыл 1 сәуірге дейінгі мерзімде жобаларды қаржыландыру кестесін уақтылы ұсынуды тапсырды. Бұл кесте жобалардың әрі қарай іске асырылуын күнделікті бақылауды да көздейтін болады.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



«KILEM ART»: ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ

Өнердің күдіреті бөлек. Ән, күй, би, сөз өнері... Ал қылқаламмен дос болып, ақ қағаз бетіне сурет салып, оны сөйлете білу екінің бірінің қолынан келе бермейді.

Қызылордалық суретші Дәулетбек Тойшыбаев қылқаламнан бөлек, құм, күріш арқылы сурет салып, жіп арқылы жерлесіміз Батырхан Шөкеновтің бейнесін бейнелесе, кілем бетіне қазақ аруларының суретін салып жүр. Ол 1988 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. №23 Ж.Қизатов атындағы орта мектептің түлегі. М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінде, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде бейнелеу өнері және сызу мамандығын меңгерген. Бірнеше шығармашылық байқаулардың жеңімпазы. Қазақстан суретшілер одағының мүшесі.

Суретші өңірде бейнелеу өнерінің жаңа түрін жан-жақты дамытып келеді. Өткен сенбіде Салихитдин Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, креатив-суретші Дәулетбек Ділдабекұлының «Kilem Art» атты заманауи өнер көрмесін тамашаладық.

береке мен молшылық тәңірісі. Сонымен бірге көне түркі мифологиясы бойынша Ұмай ана – ұрпақ жалғастығын жебейтін періште. Яғни Ұмай деген сөз баланың ізі, бала орны, ана жатыры деген мағынаны білдіреді.

Келесі кілем-картинадағы сурет «Сыр аруы» деп аталады. Автор

жағынан бұл туындыны «Көктем» деп те атауға болады. Суретші көктемгі сәтті қызғалдақ гүлдеп, төрт түлік төлдеген сәтпен байланыстырды.

Расында, Дәулетбек – реалист суретшілердің бірі. Өз жұмысында әртүрлі техникаларды қолданып, тәжірибе жасағанды жаны сүйеді. Оның туындылары жастар арасында кеңінен танымал. Кілем бетіне бейнеленген кейіпкерлердің образы шынайылығымен ерекшеленеді. Оған қоса қазақтың бітім-болмысын, салт-дәстүрін көрсетіп тұрғанды.

Бала Дәулетбек қандай болды?

Көрмеде суретшінің анасы Захара Орналиевамен жолықтық.

– Ұлыстың ұлы күні қарсаңында ұлым Дәулетбек көрме өткізуде. Бес ұлдың анасымын. Дәулетбек – кенже балам. Өзі сурет салуға кішкентайынан жақын болды. 3-4 жастан бастап қағазға сурет сала бастады. Қағаз таппай қалса, денесінің қай жері ашық болса, сол жердің бәрине сурет салып тастайтын. Мектепке барғанда да үнемі сурет салып жүрді. Кейіннен осы саланы тандайтынын айтқанда біз қарсы болмадық. Өйткені оның жаны суреттен басқаны қаламады. Ал қалған ұлдарым басқа салада жүр. Дәулетбектің қолы босай бермейді. Көп уақытын шығармашылыққа арнайды. Осы еңбектің арқасында біраз жетістікке де жетті. Көп адамдар қызығушылық танытып, тапсырыс беріп жатады, – деді анасы.



Көрменің ашылуында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Мира Қазбекова және Қазақстан Суретшілер одағының Қызылорда облыстық филиалы төрағасы Темірбек Сағымбаев құттықтап, сәттілік тіледі.

– Дәулетбек жас болса да, өте талантты суретші деген баға берер едім. Жетістіктерге жетіп жүр. Суретті жаны сүйетін өнер иесіне тек сәттілік, шығармашылық шабыт тілейміз, – деп суретшіге алғыс хат табыстады.

Кілем бетіндегі бейнелер

Галерея залында жағалай ілулі тұрған кілем жай кілем емес, қазақтың белгілі аналары мен арулары бейнеленген 12 кілем-картина көзге ерекше түсті.

Суретші Дәулетбектің қолынан шыққан кілем бетіндегі суреттер бірінен-бірі өтеді. Сондай-ақ әрқайсысының өз тарихы бар. Ал тарихымен қылқалам шеберінің өзі таныстырды.

Мәселен, «Ұмай ана» картинасында ана мен бала бейнесі салынған. Қысқаша тарихына тоқталсақ, ұлы даланы мекендеген түркі тілдес халықтың ұрпақ жалғастырушысы,



бұл суретті барлық сырбойылық қыздардың құрметіне арнап салыпты. Қазақ қызының бойындағы нәзіктік пен сұлулықты суретке сыйғыза білген суретші шеберлігіне еріксіз бас иесін.

Көрмеде «Домақана» бейнеленген кілемге көзіміз түсті. Суретші өз туындыларына аты аңызға айналған аналарымызды да арқау етіпті.

Сондай-ақ көпшіліктің назарын аударған Қыз Жібектің бейнесі болды. Расында, басындағы сәулемесі, ұзын бұрымы, қиылған қасы, мөлдіреген көзі, қазақы әшекей бұйымдарына да дейін әдемі, қарасаң көз тоймайтын сұлулық. Тағы бір қызығы, «Қойшының қызы» деп атанған сурет те ерекше бейнеленген. Басына бөрік киген, сырғалы бойжеткеннің қолында қозы мен гүл. Автордың айтуынша, бір

Орайы келгенде суретші анасының суретін салды ма екен деген сұрақты қойдық.

– Менің суретімді әлі салмады. Өткенде балама «күріштен менің де суретімді салсаңшы» деп едім, күліп құтылды, – дейді анасы. Бұл сұрақтың жауабын суретшінің өзінен білгіміз келді.

– Шынымды айтсам, суретшілер жақындарының суретін салғанды ұната бермейді. Мәселен, мен де сондаймын. Оның орнына жақын адамдарымның фотосын шығарып, картина етіп іліп қойған ұнайды, – деді Дәулетбек.

P.S. Үнемі ізденісте жүретін суретшінің туындысына сұраныс та көп екенін байқадық. Айтпақшы, көрмедегі кілем-картиналар сатылады. Суретшінің туындыларына қызыққандар қатары аз емес.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ
Суреттер С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясынан алынды

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 15 наурыздағы №364 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, «Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 18 сәуірдегі №04-03/734 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласы, Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан жалпы көлемі 2130,0 (екі мың бір жүз отыз) шаршы метр жер учаскелерін стадион құрылысына автотұрақ және көптептерлі тұрғын үйлердің инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдары жүргізілуіне байланысты үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 19 маусым болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі С. Қожаниязов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы «15» наурыздағы №364 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-086-260	Усенов Ерлан Сейдалиевич	500,0	ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану
2	10-156-086-281	Ибрахимов Алибек Ганибекович	1630,0	ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін	уақытша өтеулі жер пайдалану
	Барлығы		2130,0		

Құрылтайда қаралды

Өткен аптада Атыраудағы ұлттық құрылтайда Президент біраз мәселелерді тізіп айтып, тапсырма берді. Мемлекет басшысы қара киім халқымыздың дүниетанымына қайшы екенін мәлімдеді.

– Ендігі мәселе – ұлттық бірегейлігімізді нығайту. Мен «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатымда Ұлыстың ұлы күнін бүкіл ел болып жанаша атап өтетінімізді айттым. Жақында осыған байланысты арнайы тұжырымдама қабылданды. Әрине, бүкіл әлем жұртшылығымен бірге қарсы алатын жана жыл мерекесінен бас тартпаймыз. Бірақ Әз-Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыта түсеміз. Мысалы, көрісу күнінен басталатын мейрам кезінде әр күннің өз атауы болады. Соның бірі «Ұлттық киім күні» деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен бытыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым.

Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн. Әсіресе, қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша. Себебі соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, тұмшаланып жүретін адамдар пайда болғаны баршаныңа мәлім. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіре-діншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға танауға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан анық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

«Ұлттық киім» күні бекітілді ме?

Мемлекет басшысы айтып өткендей, наурыз мерекесінің бір күнін, яғни 18 наурызда еліміз бойынша барлық өңірлер «Ұлттық киім» күнін атап өтуі тиіс. Бұған дейін мұндай күн болмаған. Мүмкін, алдағы уақытта осы дата айтулы күнге айналар деген үміттеміз.

Айтпақшы, бұл мәселені ұлттық киімді үстінен тастамайтын Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев та көтерді. Ұлттық киімдерімізді ұлықтау мақсатында республикалық деңгейде «Ұлттық киім» күнін бекіту жайлы жиі айтылып та жүр. Мәжіліс депутаты Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың атына сауал жолдаған еді.

– Ұлттық киім – ұлтымыздың ұлылығын ұлықтайтын, ұлттық кодмызды білдіретін айшықты көрсеткіш. Ұлттық киімдеріміздің мол мұрасымен мақтана алатындай еліміз. Басқа киімдерді айтпағанда, бір ғана бас киімінің қазақ халқында 20-дан астам түрі бар. Бүгінде ұлттық киіміміз өзге елдерде кеңінен ұлықталу үстінде. Әлеуметтік желіде Қытайда қазақ жігітінің ұлттық киіммен көшеде жүріп, елдің назарын аударған видеосы 5 миллионға жуық қаралым жинап, халықтың ыстық ықыласына бөленген. Елде ұлттық киімді насихаттау тек бір реттік челлендждер мен акциялармен ғана ұлықталуда. Соңғы кезде жалпы халық арасында «Ұлттық сезім» жалпыұлттық акциясы басталып, ел арасында кеңінен қолдау тауып келеді. Акцияны зиялы қауым өкілдері, журналистер мен блогерлер, оқу ордалары қолдап, аптаның әр жұмасында ұлттық нақыштағы киімдерді киіп жүргендер қатары көбейді. Осы акцияны бастаған азаматтарға ерекше алғысымды білдіремін. Ұлттық киім мәдени майданның негізгі қаруы, халық санасына әсер етуші күш екенін ескерсек бұл мәселеге үстіртін қарауға болмайды, – деді депутат.

«Шапанымыздан айырылып, қамшымызды ғана ұстап қалмайық»

Депутаттың айтуынша, алдағы уақытта ұлттық нақыштағы киім кию дәстүрін тек наурыз бен,

акциялармен ғана шектемей, оны трендке айналдыру қажет. Айталық, қырғыздар айыр қалпақтарын басынан тастамайды. Жапондар киманоаларын әлемге әйгілеп әлек. Өзбек ағайындар ала шапанын жамылып жүр. Түркіменстан ғылым академиясы ғалым әйелдерге ұлттық нақыштағы көйлек киіп, басына орамал тартып жүруге міндеттепті. Енді Моңғолияны қараңыз, олардың ұлттық арналарында жаңалық оқитын дикторлар міндетті түрде ұлттық киім киіп отырады екен. Мектеп мұғалімдеріне де ұлттық нақыштағы киім кию міндеттелген, тіпті қоңыраудың өзін олар моңғол ұлтының рухын көтеретін әуенмен алмастырған. Ал біз ше?

Біз де жаңалық жоқ емес. Мәселен, мектеп оқушылары сабақта қамзол киюді үрдіске айналдырып келеді. Бірақ бұл мәселеге кейінірек тоқталсақ...

– Бауырлас қырғыз халқы басынан айыр қалпағын тастамайды. Соған қарап-ақ, оны қырғыз екенін жазбай танысын. Тіпті депутаттары айыр қалпақтарын киіп отырады. Сондай-ақ ұлттық киімдерін сақтау мақсатында 5 наурызды – «Айыр қалпақ» күні деп мемлекеттік деңгейде бекітіп, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларының тізіміне енгізген. Мұндай күн тек Қырғызстанда ғана емес, әлемнің Бразилия, Испания, Шотландия, Жапония сынды алпауыт елдерінде бар. Көршілес өзбек халқы да ала тақиясы мен шапанын күнделікті киеді. Сол секілді шешен халқы да бөрігімен ерекшеленеді. Біз де ұлттық киімімізді өзіміз киюді сәнге айналдырмасақ, біртіндеп оларды басқалар иемденіп кетуі мүмкін. Соңында шапанымыздан айырылып, қамшымызды ғана ұстап қалмайық, – деді Дәулет Мұқаев. Осы орайда ол Үкіметке бірқатар іс-шараны қолға алуды ұсынды.



– Біріншіден, ұлттық киімдерімізді ұлықтау мақсатында республикалық деңгейде «Ұлттық киім» күнін бекіту. Бұл күн мәдени құндылықтарымызды кеңінен насихаттап, өскелең ұрпақты отанышылдыққа тәрбиелеудің негізі болар еді. Екіншіден, мемлекеттік қызметкерлер мен халыққа қызмет көрсететін орталық қызметкерлерінің киімдеріне ұлттық нақыштағы элементтерін қосу. Үшіншіден, ұлттық киім өндіретін отандық кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіп, бизнесті қолдауға бағытталған грант бөлу де ұлттық киім кәсібіне басымдық беру, халық арасында ұлттық киімді қолжетімді етуге ықпал етіп, сұранысты арттыру. Төртіншіден, мектеп оқушылары киетін ұлттық киімдер стандартын әзірлеп енгізу әрі халықаралық түрлі жарыстарға баратын азаматтардың формаларына міндетті түрде ұлттық нақышты бейнелеу керек, – деді Мәжіліс депутаты.

Оқушылар ұлттық киімді мерекеде ғана кие ме?

Қаламызда елуден астам мектеп бар. Соның ішінде бірқатар мектеп осы үрдісті қолға алды. Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде бастауыш сынып оқушыларының сабаққа қамзол кию дәстүрге айналған. Тіпті арнайы бірдей етіп тіккізіпті. Алдағы уақытта мектептегі барлық оқушы қазақы нақышта киінбек.

Біз де бастауыш сынып жетекшісімен тілдескенді жөн көрдік. 1 «О» сынып мұғалімі Айнуір Исламбекованың оқушылары қамзол тіктіруде жасыл түсті тандапты.

– Мектепке киетін киімнің тәрбиесі де әсері бар. Жалпы ұлттық құндылықтарды насихаттау қажет. Сыныпта 22 оқушы бар. Бәрі де ұлттық киімді тек наурызда ғана емес, күнделікті киіп жүреді, – деді Айнуір апай.

Бұл үрдіс оқушыларға да ұнапты. Оқушы қыздар заманауи үлгіде көрсет түрінде тіктірсе, ұлдар жағы қамзол тіктірген. Сондай-ақ қамзол түрін, түсін мұғалім мен ата-ана ақылдаса отырып, қолға алуда. Мұндай игі бастамаға қуанып қалдық.

Сонымен, оқушыларға арналған қамзол тіктіру бағасы қаша болады? Осы сұрақты тігінші Фариза Сатаеваға қойдық. Тігіншінің айтуынша, оқушылардың қамзолының бағасы 5 мың теңгеден басталады. Әрі қарай матасына, ою-өрнегіне қарай бағасы да қымбаттай береді.

Ал сән үйлеріндегі қазақша киімдер көздің жауын алады. Ал бағасы шарықтап тұр.

Басы 1-бетте

«Сараның сандығындағы» киімдер

«Сараның сандығынан» атауымен ұлттық киімдер топтамасын ұсынған айтыскер ақын Сара Токтамысова да осы бағытқа ерекше үлес қосып жүргендердің қатарында. Мереке қарсаңында әлеуметтік парақшасынан байқағанымыздай, бұл жерде де ұлттық үлгідегі барлық киім түрі бар. Киім бағасын сұрап көрдік. Гүлнұр есімді маманы былай дейді:

– Сенесіз бе, біз де осы кезде қанша киім тігіліп, сатылымға қойылып жатса да бағасына қарамай сауда қарқынды жүруде. Мысалы, матасы бархат шапан – 155 мыңның үстінде. Ерлерге арналған «Алтын сақа» шапанымыз бөркімен 139900 теңгеден сатылып жатыр. Сонымен бірге ерлерге арнайы тігілген қазақы нақыштағы кеудешелер бар. Бағасы – 25900 теңге. Дәл осы бағала қыздарға арналған кеудешелер сатылуда.

Нәзік жандар көйлектің сыртынан күнделікті киіп кетуге арналған шапандар да бар. Олардың бағасы – 88900 теңге. Сондай-ақ «Сараның сандығынан» деген арнайы жазуы бар матамен тігілген ақ көйлек пен қамзолы бірге сатылады. Бағасы 43 мыңның үстінде. Негізі қазір мерекеге орай біраз жеңілдіктер болып жатыр, – дейді ол.

тіндей болады. Мәселен, 12000-нан басталып, 25 мың, 35 мың, 45 мың, 150 мың теңгеге дейін барады, – дейді кәсіпкер Қарлығаш Илиясова.



Мен үшін ұлттық киім бәрінен қымбат

Бұл – психолог, тренер Назира Аймаханованың пікірі. Ол ұлттық киімді күнделікті киіп жүреді.

Ұлттық киім – халқымыздың айнасы. Біздің ұлттық кодмыз. Мәселен, өзге ұлт үстеміздегі оюлы қамзолымызбен, шапанымызға қарап, қазақ екенімізді білуі керек. Киіміміз, салт-дәстүріміз, әдеп-ғұрпымыз әлемнің алдында қазақ екенімізді айқындайтын бірден-бір код. Жалпы ұлттық нақыштағы ою-өрнекті, заманауи киім үлгілерін кеңінен тігіп жатқандар баршылық. Оған қоса күнделікті киюге де арнайы тіктіріп киетіндерді де көріп жүрміз. Сондай жандарды көрсем, еріксіз қуанып қаламын. Өзім психолог болғандықтан әр адамның киімі арқылы олардың мінез-құлқын, қоғамдағы орнын, болмысын танау болады. Негізі әр адам ұлттық киімді наурызды күтпей жылдың барлық уақытында кие, осыны өзі үрдіске айналдырса, нұр үстіне нұр болар еді. Өзімді күнделікті киіп жүргенді қалаймын. Тек наурызда ғана киіп, қалған уақытта оны киім ілгішке іліп немесе оны сақтап қою дұрыс емес. Жалпы мерекеде ғана киіп, жалған патриот болудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Бір байқағаным, оң өзгеріс бар. Мәселен, дизайнерлер ұлттық киімдерді неше түрлі етіп тігіп, насихаттап жүр. Оған қоса мектеп оқушыларының қамзол киіп жүргені көңіл қуантады. Сондай керемет. Негізі өзгерісті адам өзінен бастауы керек. Мәселен, өзін ұлттық киімді күнделікті киетін. Ұлттық киім адамды әдемі етіп көрсетіп тұрады. Ол көңіл-күйге де әсер етеді. Тіпті шетелге шыққан кезде өзімнен бірге оюлы қамзолымды бірге апарып, сол жақта мақтанышпен киіп жүремін. Негізі осыны дұрыс насихаттай білуіміз керек, – дейді Назира.

Базардағы баға: қырғызстандық күртеше, дубайлық абайка

Тіпті қолжетімді бағадағы ұлттық киімнің өзі бізге сырттан келеді. Ал қазақстандық сән үйінің киімдері тым қымбат. Мереке болған соң ба, базарда адам қарасы көп. Бәрі жарыса ұлттық киім іздеп жүр. Ал оюлы қамзолдар, шапандар дегеніміз толып тұр. Бағалары да әртүрлі. Бұл жақта да арзаны да, қымбаты да, бәрі бар.

Көбіне Қырғызстаннан келген күртешелердің бағасы көпшілік үшін қалтаға қонымды. Ең төменгі баға 5000-нан басталады. Ал қамзолдар безендірген моншағы мен оюына қарай 10 мыңнан асады. Ал кейінгі кезде сәнге айналған «абайка» деп аталатын шапан бағасы 25 мыңнан жоғары. Сатушы Мәдина Ермекова сауда қызып жатқанын жасырмады.

– Абайкалар негізі қазақтың ұлттық киіміне жатпайды. Бірақ кейбірі көйлектің сыртынан шапан ретінде алып жатыр. Оған қоса тойға, салтанатты кештерге киюге жарасымды. Көбіне толық әйелдер жағы жақсы алуа, – деді ол.

Тіліші түйіні

Халық ұлттық киімді күнделікті киюге үйренді. Бұл үрдіс көңіл қуантады. Ендігі мәселе – ұлттық киімді өзгелердің емес, өзіміздің тіккеніміз. Ол үшін ұлттық киім тігетін кәсіпкерлерге қолдау қажет екені белгілі.

Ақтолық НҰРЛЫБАЙ

Суреттер ашық дереккөздерден алынды

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директорының міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2973 Тапсырыс №447

Нөмірдің көзекші редакторы Ақтолық НҰРЛЫБАЙ